

ILYFBIANA

жаңбыр жауады.

Қаланың негізі 1832 жылы қаланған. Сол жылы патшалық Ресей Қараөткел өңірінде Ақмола округтік приказын ашып, оның орталығын

болып өзгертілді.


Президент ұйғарымы елдік мүддені терең ойлап, ертеңге көрегендікпен көз тігуден туған. Жаңа астана тәуелсіздігіміздің тірегі, қолға алынған

XXI гасыр қаласы

күнге уақыт санап өсіп келе жатқан әсем қаламыз — Астанамыз биыл 10 жылға толып отыр. Шет елдерден келетін өзге ұлт өкілдері де осы әсем қаламызды көріп, таң қалып жатады. Ақынның шабытын оятпай қоймайтын, қыл қалам шебері сызбай тұра алмайтын табиғаттың тамаша көрініс мен ұштастыра, асқақтай көрсететін маңайдағы Есіл өзенінің толқындары да

керемет мәңге ие. Әрине 10 жылдық мерейтойын тойлай отырып тарихпен тағы жалғасын таппақ. Ендеше парак беттеріне үңіле отырып тарихына тоқтала кетсек.

Тәуелсіз еліміз Қазақстанның астанасы — Астана қаласы. Ол кеңбайтақ Отанымыздың жүрегінде, халқымыз қасиет тұтып, қастерлеген қасиетті Сарыарқадағы Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан. Ауа райы-шұғыл континентті: қаңтар айындағы орташа температурасы 17,4 градус суық болса, шілдеде бұл көрсеткіш 20,3 градус жылыға дейін көтеріледі. Жыл бойына орта есеппен 335 мм қар мен



Ақмола деп атау жөнінде шешім қабылдайды. Кейін бұл әскери бекет округтік қала (1863), уезд орталығы (1868) атанды. 1961 жылы қаланың аты Целиноград болып өзгертіледі. Оған дейін және одан кейін Ақмола облысының және Тың өлкесінің (1960-1965) орталықтары болды. 1992 жылы қалаға тарихи атауы қайтарылды.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың жарлығына сәйкес 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап, Ақмола қаласы тәуелсіз қазақ мемлекетінің астанасы айналды. Ал Елбасының 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмола атауы Астана

үлгі реформалардың ұйытқысы және жиырма бірінші гасырдағы жаңа елдік беталасымыздың рухы мен бейне-бедерін қалыптастырушы орталық болуға тиіс. Осы астана еткен тәуелсіздік идеясы екендігін ешқашан естен шығармаған жөн.

Қазақ даласында астана міндетін атқарған қалалар аз болмаған. Олардың кейбіреулерінің тарихы өте ерте замандардан

басталады. Мысалы, Сығанақ, Баласағұн, Тараз қалаларының негізі қаланғанына мыңдаған жылдар өтті. Тек кеңестік дәуірдің өзінде үш қала ел астанасы атанды.

Астана — XXI гасыр қаласы. Жаңа астана тағдыры жас ұрпақ тағдырымен, жастардың арман-үмітімен тығыз байланысты. Ертеңге қол созған ел, Астанаға зор үмітпен қарайды.

Мөлдір БАЙМАХАНБЕТОВА,
 студент
 Шымкент қаласы